



Жергілікті атқарушы органдар борышының 2025 жылға арналған лимиттерін белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 2024 жылғы 9 желтоқсандағы № 108 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 10 желтоқсанда № 35465 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 210-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Жергілікті атқарушы органдар борышының 2025 жылға арналған лимиттері белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекет міндеттемелерін басқару және қаржы секторын дамыту саясаты департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді және оны Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Ұлттық экономика министрі

Н. Байбазаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Ұлттық экономика министрі
2024 жылғы 9 желтоқсандағы
№ 108 Бұйрыққа
қосымша

Жергілікті атқарушы органдар борышының 2025 жылға арналған лимиттері

№	Жергілікті атқарушы орган	Жергілікті атқарушы органдар борышының лимиті, мың теңге
1	2	3

1	Абай облысы	134 318 875,5
2	Ақмола облысы	214 695 027,2
3	Ақтөбе облысы	200 800 629,2
4	Алматы облысы	255 263 671,4
5	Атырау облысы	174 140 939,4
6	Батыс Қазақстан облысы	168 373 163,2
7	Жамбыл облысы	255 723 807,5
8	Жетісу облысы	173 194 987,5
9	Қарағанды облысы	266 364 064,1
10	Қостанай облысы	205 755 713,9
11	Қызылорда облысы	216 882 226,8
12	Маңғыстау облысы	171 322 943,2
13	Павлодар облысы	181 559 413,1
14	Солтүстік Қазақстан облысы	168 231 702,9
15	Түркістан облысы	472 589 103,7
16	Ұлытау облысы	55 280 986,8
17	Шығыс Қазақстан облысы	168 611 619,0
18	Алматы қаласы	1 183 197 282,5
19	Астана қаласы	286 192 887,7
20	Шымкент қаласы	208 198 434,6

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК